

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті (2024-2025 оқу жылы)

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

3 ХАТТАМАСЫ

12.02.2025ж.

Түркістан қаласы

Сағат 12.00

Қатысқандар: Факультет деканы, профессор К. Камбуров, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары У.Б. Татыкаева, ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ырысбай, СМЖ жауапты С.А. Файзиева, АҚ төрайымы Д. Сапиева, кафедра меңгерушілері, аға тәлімгерлер, оқытушы – профессорлар құрамы.

Күн тәртібі:

1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалау.

1-ші сұрақ бойынша: СҚК төрайымы С.А.Файзиева күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алып, қысқы емтихан сессия 2024 ж. 18 желтоқсан - 2024 ж. 04 қаңтар 2025ж аралығында ұйымдастырылды. 6В10189-Стоматология білім беру бағдарламасы бойынша 11 емтихан өтті. Оның ішінде **1 курс** білім алушы саны-86: 3модуль бойынша: модуль-Медициналық химия, модуль-Молекулярная биология, модуль-Биофизика, Тіс морфологиясы және физиологиясы. **2 курс** білімгер саны -73; 3 модуль бойынша, модуль-Морфология и физиология 2, модуль-Клиникаға кіріспе, модуль-Коммуникативті дағдылар, стоматологиядағы материалдар құрылымы, биологиялық химия. 3 курс білім алушы саны-90; стоматологиялық аурулардың алдын алу, стоматологияда фотосурет, реставрациялық стоматология, ауыз қуысының гигиенасы, балалар стоматологиясы стоматологиясы I, Пародонтология негіздері, Жалпы патология—7 емтихан. 6В10156-Стоматология білім беру бағдарламасы, **4 курс** бойынша студент саны -135. 6 емтихан; балалар стоматологиясы, ортодонтия және балалар стоматологиясы, стоматология анестезиясы, клиникалық эндодонтия негіздері, клиникалық ортопедиялық стоматология негіздері, пародонттың және ауыз қуысының шырышты қабатының аурулары. 5 курс бойынша білімгер саны-129. Емтихан-6; Зерттеу әдістері және презентация, сот медицинасы және дәрігерлік құқық, клиникалық пародонтология негіздері, деонтология және этика, клиникалық ортодонтия негіздері, жалпы ауыз қуысы денсаулығы.

Оқу-әдістемелік комитет төрайымы, Д.Сапиева сөз алып, факультеттің 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестация нәтижелерін талқылау, Академиялық адалдық лигасының бағылау медианасына сәйкестігіне талқылауға ұсынды.

Терапиялық және стоматологиялық кафедра меңгерушісі доцент Тулешова Э.Ж: 2024-2025 оқу жылына белгіленген академиялық күнтізбеге сәйкес қысқы аралық аттестаттау 17.12.2024-10.01.2025 жж. күндері аралығында өткізілді. Жалпы 10 пәннен емтихан тапсырылды. Емтихан қабылдаудың 3 түрі қарастырылды (2 пәннен тәжірибе, 5 пәннен жазбаша 3 пәннен екі этапты емтихан өтті). Академиялық адалдық лиганың шарттарына сәйкес А, А- 1 курс бойынша Тіс морфологиясы және физиологиясы, 2 курс бойынша Стоматологиядағы материалдар құрылымы, 3 курс бойынша Реставрациялық стоматология, Стоматологияда фотосурет жасау, Пародонтология негіздері, 4 курс бойынша Пародонттың және ауыз қуысының шырышты қабатының аурулары,

клиникалық эндодонтия негіздері, клиникалық ортопедиялық стоматология негіздері, 5 курс бойынша деонтология және этика. Академиялық адалдық лиганың шарттарына В+, В, В-, С, С- бағалары көп пәндерден сәйкес келмейді. Бағалау медианасында сәйкессіздік болдырмау үшін шаралар жүргізу керектігін, атап айтқанда, емтихан сұрақтарын толықтыру, күрделендіру, сонымен қатар академиялық адалдық лигасының бағалау медианасын ескерту қажеттілігін атап өтті.

Шешімі: Көктемгі семестрді осы мәселені басшылыққа алу керек.

Академиялық адалдық лиганың шарттарын барлық оқытушылар орындасын. Көктемгі семестрді осы мәселе басшылыққа алынсын.

Хирургиялық және балалар жасынағы стоматология кафедрa меңгерушісі

Н.С.Нұрдинов сөз алып, 2024-2025 оқу жылындағы күзгі емтихан нәтижелерін талдау мәселесі бойынша талданып, бағалау медианасы жасалғанын айтып өтті. Аралық бақылау және емтихан бағаларына сәйкес валидтілік сараптау нәтижелерінен барлық пәндерден білім алушылардың «В+, В, В-, С+» бағалары университеттің жасаған медианасынан артық көрсеткіш көрсеткендігін айтты. Білім алушылардың «В+, В, В-, С+» бағалары бойынша, 3-курс, «Ауыз қуысының гигиенасы» пәнінен – 65,6%, 3-курс, «Стоматологиялық аурулардың алдын алу» пәнінен – 42,9%, 3-курс, «Балалар стоматологиясы 1» пәнінен – 52,4%, 4-курс, «Ортодонтия және балалар протездері» пәнінен – 58,3%, 4-курс, «Балалар стоматологиясы» пәнінен – 65,9%, 4-курс, «Стоматология анестезиясы» пәнінен – 71,8%, 5-курс, «Жалпы ауыз қуысы денсаулығы» пәнінен – 49,2%, 5-курс, «Клиникалық ортодонтия негіздері» пәнінен – 58,1% көрсеткіш көрсеткен. Университеттің бағалау медианасымен 25%-дан аспауы тиіс. Қазіргі таңда 6В10156-Стоматология және 6В10189-Стоматология мамандығына балы өте жоғары студенттер конкурспен қабылданады. Олар сабақты жақсы оқиды, сондықтан жоғары көрсеткіштер көрсетіп тұрғанын айтылды.

Фундаментальды медициналық ғылымдар кафедрa меңгерушісі Г.К. Айболова сөз алып, 2024-2025 оқу жылындағы қысқы сессия бойынша 6В10189-Стоматология, 6В10156-Стоматология білім беру бағдарламаларының аралық бақылау және емтихан бағаларына сәйкес валидтілік сараптау нәтижелері (күзгі семестр) туралы айтып, пән оқытушыларымен бірге талқыланғанын айтты. Аралық бақылау және емтихан бағаларына сәйкес валидтілік сараптау нәтижелерінен барлық пәндерден білім алушылардың «В+, В, В-, С+» бағалары университеттің жасаған медианасынан артық көрсеткіш көрсеткен. Білім алушылардың «В+, В, В-, С+» бағалары бойынша 1-курс, Тіршілік негіздері-1 модулінен – 38,4%; 2-курс, Морфология және физиология-2 модулінен – 56,6%, Биологиялық химия пәнінен – 53,4%; 3-курс, Жалпы патология пәнінен – 58,9%; 5-курс, Зерттеу әдістері және презентация пәнінен – 67,4%, Ішкі аурулар негіздері пәнінен – 71,3%, Сот медицинасы және дәрігерлік құқық пәнінен – 87,3%, Неврология, Психиатрия пәнінен – 92,4% көрсеткіш көрсеткен. Университеттің бағалау медианасымен 25%-дан аспауы тиіс. Қазіргі таңда 6В10189-Стоматология мамандығына балы өте жоғары студенттер конкурспен қабылданады. Олар сабақты жақсы оқиды, сондықтан жоғары көрсеткіштер көрсетіп тұрғанын айтты.

Кафедра меңгерушілерінің айтқан пікірін тыңдай келе, факультет деканы К. Камбуроғлу сөз алып, қысқы емтихан қорытындысын назарға ала отырып, көктемгі семестрде бағалау көрсеткіштері медиана бағалау ережелерімен барынша сәйкестендіріп, бағалауды ескертті.



Факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы және ОӘК мүшелері 2024-2025 оқу-жылының қысқы аралық аттестация нәтижелерін талқылау, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігі бойынша талдауды талқылап, бірауыздан шешім қабылдады.

Шешімі. Қысқы аралық аттестаттау қорытындысы бойынша емтихан сессия нәтижелерін бағалау медиана сәйкестендіру мақсатында келесі іс-шара жүргізілсін және жауакершілік пән жетекшілеріне жүктелсін.

1. ECTS нұсқаулық бойынша ОПК құрамы бағалау медианасын жұмыс барысында ескерсін.
2. Көктемгі сессияға дейін тест-емтихан сұрақтарының 50% жаңалап қайта құрастыру және 50 %ын қолдануға арналған сұрақтарымен алмастырылсын.
3. Бөж тапсырмаларына өзгеріс ендіріліп, күрделендірсін.
4. ОҚКЕ ұйымдастыру және өткізу сапасын жақсарту үшін, ОҚКЕ қабылдау бөлмелеріні талапқа сәйкестендірілсін.

Мәжіліс төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:

С.Файзиева

Д.Сапиева